



***Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі  
«Мәңгілік Ел» тәрбие және білім беру орталығы***

«Рухани жаңғыру» атты бағдарламасын іске асыру шеңберінде балалар көркемдік шығармашылығын дамытуға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған «Астана жаңа ғасырдың жауһары» атты аудандық макет байқауының ережесі

**I. Жалпы ереже:**

- 1.1 Осы ереже байқаудың тәртібі мен ұйымдастырылуын, іріктеу жұмысы мен қатысушылар құрамын, жеңімпаздармен жүлдегерлерді анықтайды
- 1.2 Байқауды ұйымдастырушы «Мәңгілік Ел» тәрбие және білім беру орталығы;
- 1.3 Әділқазылар – байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалаушы, сараптаушы.

**II. Байқаудың мақсаты:**

- 2.1. Астана қаласының 20 жылдығына орай мақтан тұта білуге және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, елжанды азамат болуға тәрбиелеу.

**III. Байқаудың міндеттері:**

- 3.1 Балалардың шығармашылығын дәріптеу;
- 3.2 Көркем эстетикалық талғамдарын, қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру.
- 3.3 Бақылау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- 3.4 Жастарға рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық және көркем эстетикалық тәрбие беру.

**IV. Байқаудың өткізу мерзімі және тәртібі.**

- 4.1 Байқау 2018 жылдың 30 наурыз күні сырттай өткізіледі.
- 4.2 Байқауға қатысушылардың сұраныстары мен жұмыстары (макет) 2018 жылдың 29 наурызға дейін қабылданады.

## **V. Қатысушыға қойылатын талаптар**

5.1. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-17 жас аралығы бойынша қатыса алады.

## **VI. Жұмысты бағалау**

6.1. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III – орындармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

## **VII. Өткізу орны мен мерзімі**

*Жібек жолы көшесі 1  
29.03.2018 жылы сағ 10-00.*

**Ескерту.** Байқауға қатысатын оқушылардың сұранысын 29 наурызға дейін «Мәңгілік Ел» тәрбие және білім беру орталығына өткізуі тиіс.

*Орындаған: Абылқасымов.А.Р  
Тел 8778350525, 4-02-08*